

Мұнай-газ саласы инвесторларының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 175-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес:

1. Мұнай-газ саласы инвесторларының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Кеңестің құрамы;
- 2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 27 қазандағы
№ 175-ө өкімімен
бекітілген

Мұнай-газ саласы инвесторларының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мұнай-газ саласы инвесторларының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасында қолайлы инвестициялық ахуал жасау мақсатында құрылады.

2. Кеңес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі және бейнеконференцбайланыс режимінде ұйымдастырылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

2-тарау. Кеңестің негізгі міндеті

6. Кеңестің негізгі міндеті:

- 1) мұнай-газ саласындағы инвестициялық ахуалды жақсарту;
- 2) мұнай-газ саласындағы инвесторлардың қызметі;
- 3) инвесторлардың проблемалық мәселелерін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мұнай-газ кеңесінің қарауына шығару;
- 4) инвесторлардың өтініштерін қарау;
- 5) мұнай-газ саласын дамыту, мұнай-газ саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау болып табылады.

3-тарау. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы және тәртібі

7. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы және тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 27 қазандағы
№ 175-ө өкімімен бекітілген

Мұнай-газ саласы инвесторларының мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңестің құрамы

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар комитетінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК